

"Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі № 117 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 маусымдағы № 250 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 шілдеде № 6840 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 16 ақпандағы № 11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 16.02.2021 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 23тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі № 117 "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5983 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 20 қазанда жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

5-тармақтың 3) тармақшасының алтыншы, жетінші абзацтарындағы "30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет" деген сөздерден кейін " және 2019 жылдың 15 ақпанында Ауғанстан аумағынан совет әскерлерін шығару күніне 30 жыл толуына орай материалдық көмек ретінде бір дүркін 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде" деген сөздер алынып тасталсын;

6-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет және 1941-1945 жылдарындағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 74-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушысына материалдық көмек ретінде бір дүркін 303000 теңге мөлшерінде;"

7-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне келген зардабын жоюға табыстарын есепке алмай – бір рет, әрбір отбасы мүшесіне 40 айлық есептік көрсеткішке дейін, бірақ бір отбасына 200 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;"

7-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гемотологиялық аурулармен ауыратын диспансерлік есепте тұрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне табыстарын есепке алмай - ай сайын 7,6 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;"

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"Балалар үйінің түлектеріне (интернат үйінің тәрбиеленушілері), сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің үш еселенген мөлшерінен аспайтын отбасынан шыққан:

бала кезінен мүгедектер, мүгедек балаларға;

ата-анасының екеуі де зейнеткер болып табылатын балаларға;

ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болып табылатын балаларға;

асыраушысынан айрылған балаларға;

көп балалы отбасылардан шыққан балаларға;

"Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқасымен наградталған аналардың балаларына;

оралман отбасылардан шыққан балаларға;

жетім балаларға;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға.

Жан басына шаққандағы орташа табысы Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын аз қамтылған отбасылардан шыққан және

өңірге қажет мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орындарында күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алатын балаларға:

жалпы білім беретін мектептен және колледжден кейін “Бакалавр” академиялық дәрежесін алу үшін – жылына бір рет, 392 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған “Магистр” академиялық дәрежесін алу үшін – жылына бір рет, 420 айлық есептік көрсеткіштен артық емес;

Қазақстан Республикасының медициналық білім және ғылым ұйымдарында резидентурада медицина кадрларын даярлау үшін – жылына бір рет, 530 айлық есептік көрсеткіштен артық емес мөлшерде, оқу ақыларын төлеуге және тамақтану мен тұру шығындарын өтеуге әлеуметтік көмек тағайындалады.”;

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Әлеуметтік көмекті тағайындағаннан кейін уәкілетті орган мен әлеуметтік көмек алушы арасында екі жақты келісім шарт жасалады.”;

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын өңірге қажет мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орындарында күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алу үшін жүгінген үміткерлерді қоспағанда, азаматтың (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.”.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы аудандық мәслихатының
кезекті 38-сессиясының төрағасы*

А.Үсенов

*Қармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы*

М.Наятұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қызылорда облысының жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы"
мемлекеттік мекемесімен*